3 Толқын тербеген ауыл

4 «Болашақ» шыққан бір белес

Сыр бойы

№33 (20909) 4 наурыз, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ВАГОН ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Көлік кешенінің жетекші тармағы жолаушыларды алыс-жақынға тасымалдайтын облыстың теміржол саласында вагон шығаратын зауыт іске қосылады. Ірі өндірістік алаңда жолаушылар тасымалдайтын вагондар заман талабына сай жабдықталып шығарылмақ. Мұны жүзеге асыратын «Марал Нұр» ЖШС. Инвестициялық жоба барысымен ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр өңірге сапарында танысқан болатын. «Назардағы нысан» басына арнайы барған едік.

Мекеме 2005 жылы құрылып, техникалық жөндеумен айналысты. 2008 жылдан бастап жолаушылар тасымалдап келеді. Ең бірінші болып облыстан өзге өңірлерге маршурт ұйымдастырды, 20 жылдан астам тәжірибесі бар мекеме үш бағытта жолаушылар тасымалдайды. «Қызылорда-Павлодар», «Жезқазған-Астана» және «Қарағанды-Қаражол» бағыты. Қазір онда 250-ден астам адам еңбек етеді.

Серіктестік директорының кеңесшісі Әбдіміәулен Әлішов жоба туралы кеңінен әңгіме қозғады.

– Теміржол саласында 45 жыл еңбек етіп келемін, ал «Марал Нұр» ЖШС-на келгелі 15 жыл. Қазақстан бойынша жолаушылар вагондарын жөндейтін мекемелердің барлығы мемлекет тарапынан қолдауға ие. Себебі, жөндеу, тасымалдау жұмыстарына мемлекет көмектесіп отырады. Жолаушылар алған билеттен түскен қаржы шығындардың орнын толтыра алмайды. Бұрын елімізде вагон жөндейтін санаулы зауыт болатын, олар да уақыт өте келе жабылып қалды. Кейіннен ашылып, жекенің қолына өтті.

2-бет

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ТҮРКІСТАННЫҢ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕСІ

Мемлекет басшысы «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды. Заңда еліміздің рухани, тарихи-мәдени, туристік орталығы және сәулет мұрасы ретіндегі Түркістан қаласының ерекше мәртебесі бекітілген. Бұл туралы «ҚазАқпарат» хабарлады.

Жалпы құжатта тарихи-мәдени мұраны ерекше сақтау белгіленген. Нақтырақ айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен басқа да ескерткіштерді қорғау, археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстарды реттеу, тарихи-мәдени мұраны қайта жаңғырту және ұлттық қолөнерді дәріптеу бар. Сондай-ақ қорғау аймағында биіктігі мен сәулеті үйлеспейтін ғимараттарды салмау, археологиялық ескерткіштердің резерватын құру, мүгедектігі бар адамдарға қолжетімді инфрақұрылым және инклюзивті туризм құру арқылы қалада жайлы орта қалыптастыру, қаланың бірыңғай келбетін – сәулет ерекшелігін сақтау үшін дизайн-код енгізу секілді басымдықтар қарастырылған. Бұл ретте тиімді басқару мен бақылау үшін әкімдік пен мәслихат өкілеттігін кеңейту, мемлекет тарапынан қолөнер шеберлерін қолдау, көлік транзитін реттеу, туризмді дамыту және тұрмыс сапасын арттырумен қатар қаланың тарихи ерекшелігін сақтау да ойластырылған.

Заңның мәтіні баспасөзде жарияланады.

ӨТКЕЛДЕ ЕРЕЖЕ БҰЗҒАНДАР ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНУЫ МҮМКІН

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ теміржол бойында жұмыс істейтін қызметкерлер мен жалпы тұрғындардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында ереже бұзғандарға жауапкершілікті қатаңдатпақ деп жазады Egemen.kz.

Фото ашық дереккөзден

Осы мақсатта компания мемлекеттік органдарға өтініш жолдауды жоспарлап отыр. Өтініште қозғалыс қауіпсіздігін бұзуға, жол-көлік оқиғаларына, сондай-ақ белгіленбеген жерлерден темір жолдар арқылы өтуге, жол бойындағы жолақтарда мал жайғандарға әкімшілік-қылмыстық жауапкершілікті қатаңдату сұралады.

ҚТЖ мәліметінше, осы жылдың қаңтар-ақпан айларында теміржол өткелінде 4 жол-көлік оқиғасы болған.

«1 наурызда Атырау облысындағы «Теңдік» станциясының теміржол өткелінде жүк көлігі жүк пойызымен соқтығысты. Оқиғаға жүк көлігінің иесі себеп болғаны анықталды. Апат салдарынан локомотив бригадасының қызметкерлері зардап шегіп, локомотив пен 11 бос вагон рельстен шығып кетті» делінген компания хабарламасында.

Ал былтыр теміржол өткелдерінде 26 жол-көлік оқиғасы тіркелген.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

САПА МЕН МЕРЗІМ ҚАТАҢ СҰРАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен бюджет қаржысының игерілуі, құрылыс нысандарындағы жұмыс қарқыны, коммуналдық қызмет санитарлық тазалық пен абаттандыру мәселелері, осыған дейін берілген тапсырмалардың орындалуы талқыланған жиын өтті. Оған қала, аудан әкімдері және жауапты сала басшылары қатысты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

– Бюджет қаражатын тиімді игеріп, нақты бағыттарға жұмсау қажет. Мен бұған дейін де үнемі ескертіп келемін, құрылыс нысандарындағы жұмысты бақылауға алыңыздар. Мердігер мекемелермен ұдайы байланыста болып, құрылыстың басына барып тексеріңіздер. Жаңа нысан пайдалануға берілместен бұрын кемшіліктер жөнделуі керек. Бірінші әрі басты талап – сапа, сосын жұмыс мерзімінде аяқталуы тиіс. Құрылысы жүріп жатқан әр нысанның сәулеті мен келбетіне баса мән беру керек.

Алдағы мереке күндері коммуналдық қызметтер үздіксіз жұмыс істеуі қажет. Тұтынушыларға жарық, жылу, су беруде, жолаушылар тасымалында ешқандай мәселе туындамауын қадағалаңыздар.

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы жалғасуда. Тазалық жұмыстарын күнделікті әрі уақытылы жүргізуді тапсырамын, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар, жиында межелі көрсеткішке қол жетпеген жағдайда жауапкершілік бірінші басшылардан сұралатыны ескертілді.

«СБ» ақпарат

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫЛЫТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Мемлекет басшысының бастамасымен іске асқан «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы көп өңірде қоршаған ортаны жақсартуға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үлкен серпін берді. Бұл бастама бүкіл аймақ тұрғындарын біріктіріп, Қызылорданы ең таза қалалардың біріне айналдырды. Бұл аз десеңіз, көше тазалығын сақтап қана қоймай, тұрмыстық қалдықтан табыс табуға да жол ашылды.

ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚ ТА ТАБЫС ӘКЕЛЕДІ

Өткен жылы Үкімет отырысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатты тұрмыстық қалдықты қайта өңдеу жобаларының жүзеге асырылуы және қайталама шикізаттан өнім шығаратын зауыттар құрылысы туралы баяндаған болатын. Талқылау барысында Премьер-министр Олжас Бектенов бұл тәжірибенің тиімді тұстарын ерекше атап өтіп, басқа өңірлер әкімдеріне осы үлгіні енгізуді тапсырды.

Бүгінде өңірде қатты тұрмыстық қалдықты қайта өңдеумен 17 кәсіпкерлік субъектісі айналысуда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жақын арада қуаттылығы жылына 500 мың тоннадан асатын 9 зауыт іске қосылады. Бұл кәсіпорындарда 500-ден астам жаңа жұмыс орны ашылмақ. Ал 8 жоба «Жасыл даму» АҚ қаржыландыру механизмі арқылы жүзеге асырылады.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәліметінше, қазіргі уақытта облыс орталығында тұрмыстық қатты қалдықты сұрыптау, қайта өңдеу және кәдеге жарату бойынша үш жоба іске асырылуда. «With You E&C Kyzylorda» ЖШС-ның қолданыстағы полигонын жаңғырту жобасы аясында оңтүстіккореялық технология бойынша тұрмыстық қатты қалдықты сұрыптау және қайта өңдеу зауытын салу жоспарланған. Полигонның қуаттылығы жылына 60 мың тоннадан 300 мың тоннаға дейін артады.

> Ал «Seven Rivers Technologies» ЖШС неміс технологиясы бойынша жылдық қуаты 86 мың тонна болатын шыны ыдыс шығаратын зауыт тұрғызады. Жобаның құны – 31 млрд 360 млн теңге.

Өндіріс процесінде 49%-ға дейін шыны қалдықтарын қайта қолдануға мүмкіндік бар, бұл жылына 40 мың тонна дайын өнім (143 млн бөтелке) шығаруға мүмкіндік береді.

3-бет

Коллаж Қ.Оразбаев

КЕЛЕСІ САНДА
ҚОЛ ШИПАСЫНЫҢ ҚҰДІРЕТІ
БҰЛ ТУРАЛЫ МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ МАГИСТРІ ОЛЖАС АХМЕТОВПЕН СҰХБАТТАН ОҚИ АЛАСЫЗДАР

Валюта бағамы: $ 499,22 kzt € 519,14 kzt ₽ 5,64 kzt

Ауа райы: Сейсенбі -3⁰ -8⁰ Сәрсенбі +5⁰ -4⁰

Сыр бойы
№33 (20909) 4 наурыз, сейсенбі 2025 жыл

ТҰҒЫРЫ БИІК ТАТУЛЫҚ

Облыс әкімдігінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы және 1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған мерекелік іс-шара өтті.

Алғыс айту күні. Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің 30 жылдық тарихында береке-бірлігіміздің ұйытқысына айналып, елдегі татулық пен тұрақтылықтың кепілі болып келеді. Қызылорда облысында 30-дан астам этнос өкілдері өсіп-өніп, Сыр өңірінің дамуына үлес қосуда. Қазақстан халқы Ассамблеясы 130-дан астам этнос өкілін біріктіріп, жалпыұлттық келісімнің негізін қалады, – деді Д.Жаналинов.

Іс-шарада облыстық Ассамблея ардагері Асылбек Жұмабаев және «Ассамблея жастары» ұйымының белсенді мүшесі Бахар Милиярова сөз сөйледі.

Еліміздегі барлық этнос өкілдерінің арасында достық пен ынтымақтастықты нығайту, мәдени байланыстарды қолдау, жастарды ұлттық құндылықтарға баулу аса маңызды. Ассамблея мүшелері өз тәжірибелерін бөлісіп, елдің бірлігін сақтап, оны нығайтуға атсалысуда.

Осы күні бірлік пен келісімді нығайтуға үлес қосқан азаматтарға құрмет көрсетілді. ҚХА белсенділері және жұмысшы мамандық иелері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы салтанатты түрде ашылды.

Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының белсенділері, ардагерлер, үкіметтік емес ұйым жетекшілері, саяси партиялардың облыстық филиал төрағалары және БАҚ өкілдері қатысты.

Мерекелік шара Мемлекеттік Гимнмен басталып, облыс әкімінің бірінші орынбасары ел Президентінің құттықтауын оқыды, барша қатысушыларға ізгі лебізін білдірді.

– 1 наурыз – елімізде тыныштық, өзара сенім мен құрметтің орнығуына негіз болған

МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

Қызылордада Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл және 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай ерекше мерекелік концерт өтті. Осы маңызды даталарға арналған шараға облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, Қазақстан халқы Ассамблеясының ардагерлері, этномәдени бірлестіктердің төрағалары мен мүшелері, облыстық ҚХА құрылымының белсенділері, қала тұрғындары және БАҚ өкілдері қатысты.

Концерт облыстық Ассамблеяның 30 жылдағы жеткен жетістіктері мен осы уақыт аралығындағы ел дамуына қосқан үлесін бейнелейтін бейнероликпен басталды. Мерекелік бағдарламада түрлі этнос өкілдері ұлттық киімдермен сахнаға шығып, бірлік пен достықты, ынтымақтастықты паш еткен әсерлі көріністер көпшіліктің көңілін көтерді.

Шахмардан Асқарұлы жиналғандарға облыс әкімі, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын жеткізіп, ассамблеяның белсенділеріне аймақ басшысының Алғыс хатын табыстады.

Мерекелік концертте облыстық этномәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымдары өнер көрсетіп, көрермендерге ұмытылмас әсер қалдырды.

АЙМАҚ БАСШЫСЫНЫҢ АЛҒЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов және жауапты сала басшылары «Қызылорда тазалығы», «Жасыл Қызылорда», «Қызылорда автобус паркі» мен «Қызылордажылу-электр орталығы» мекемелеріне барды. Мерекеге орай коммуналдық қызметтердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз еткен жұмысшыларға аймақ басшысының Алғыс хаты табысталды.

– Баршаңызды Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, күндіз-түні тазалық сақтауға аянбай атсалысып келесіздер.

Қала халқының тыныс-тіршілігіндегі қалыптасқан ырғақ бұзылмау үшін жолаушылар тасымалы, коммуналдық қызмет көрсету саласы қызметкерлері уақытпен санаспай еңбек етеді. Тұрғындарды діттеген жеріне жеткізіп, әр үйді жарықпен, жылумен қамтамасыз етеді.

Сіздер, жұртшылыққа жайлылық, елге қуат, жанға шуақ сыйлап келесіздер. Тұрмыс-тіршілігіміздегі аса маңызды салалардың дамуына қосқан үлестеріңіз үшін аймақ басшысының алғысын жеткізуге арнайы келдім, – деді Шахмардан Байманов.

БІРЛІК ТАҚТАСЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мен Алғыс айту күнінде Қызылордадағы «Достық үйінде» «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» ескерткіш тақтасының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Республика бойынша бірыңғай үлгіде жасалған ескерткіш барлық өңірлерде бір мезетте ашылды.

Рәсімге облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, этномәдени бірлестіктердің мүшелері және БАҚ өкілдері қатысты.

Ескерткіш тақта – Қазақстан халқының ынтымаққа негізделген өмір салтын насихаттау, қоғамдағы бейбітшілікті бекітудегі тарихи маңызға ие белгі.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІ ӘРІ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС

Облыс прокуроры қызылордалықтарды әр аптаның сейсенбісінде қабылдайды. Ал орынбасарлары мен басқарма бастықтары тұрғындардың талап-тілегін кестеге сәйкес күн сайын тыңдауға дайын.

Ақпарат құралдарының өкілдерімен, әлеуметтік желі белсенділерімен кездескен облыс прокуроры Ризабек Ожаров қадағалаушы органның есігі қай кезде де ашық екенін атап өтті. Өткен жылы 3 мыңнан астам жеке қабылдау ұйымдастырылса, оның жартысынан көбі прокуратура басшылығына бағытталды. Облыс прокуроры мұны халықтың сенімі әрі нәтижелі жұмыс деп есептейді.

– Осыған дейін біз облыс әкімімен бірге аудан орталықтарында жеке қабылдау өткіздік. Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауындағы «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыру бағытында «Заң керуені» акциясын жүзеге асырып келеміз. Қызметкерлеріміз әрбір ауылда тұрғындарға заңдық кеңес беріп, құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізді, – дейді Ризабек Ожаров.

18 ақпанда кәсіпкерлер мен инвесторлардың өзекті мәселелерін қамту, олардың сұрақтарына жауап беру мақсатында «Инвест Керуен» жобасы басталды. Осыған дейін «Ақса Энерджи», «Гежуба Шиелі» сияқты инвесторлармен, Шиелі және Жаңақорған аудандарының кәсіпкерлері диалог алаңында болды.

Қадағалаушы органның бастамасымен өңірде 3 жоба жүзеге асырылуда. «Смарт білезік» жобасы нәтижесінде былтыр қылмыс саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 28 пайызға төмендеді. «IT Tergeu» жобасы аясында жасанды интеллект көмегімен 151 қылмыс ашылып, 62 қылмыскер ұсталды.

– Интернет алаяқтық 52 пайызға, сотқа жолдау көрсеткіші тиісінше 49 пайызға артты. 41 іске қатысы бар 51 дроппердің жеке басы анықталды. Қылмыстың бұл түрі бойынша былтыр 434 млн теңге тергеп-тексеру сатысында өндірілді. Жобаның нәтижесі сол, хабар-ошарсыз кеткен 91 адам тәулік ішінде табылды, – дейді облыс прокуроры.

Ал «Нашақорлыққа жол жоқ» жобасы бойынша 1,5 тонна есірткі заңсыз айналымнан алынып, 54 есірткі алқабы, есірткіні егіп өсірумен айналысқан 3 фитозертхана анықталды. 2 трансұлттық, сондай-ақ 2022-2023 жылдары голландиялық марихуана өсірумен айналысқан ұйымдасқан қылмыстық топтың 22 белсендісі құрықталды. 2 халықаралық және 7 аймақаралық есірткі тасымалдау арнасының жолы кесілді. Әлеуметтік желілерде синтетикалық есірткі сатуды жарнамалайтын 304 сайт бұғатталды.

– Қылмыспен күресте прокуратура, полиция, жергілікті билік уәкілеттілігі шеңберінде жұмыс атқаруда. Дегенмен, құқықбұзушылыққа қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Заңсыз істерді әрдайым әшкерелеп, кері кеткен жерлерді түзеуге бәріміз атсалысуымыз керек, – дейді Ризабек Ожаров.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ВАГОН ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қазіргі кезде жыл сайын қысы-жазы жолаушыларды діттеген жеріне жеткізу үшін 3000 вагон қажет. Жолаушылар вагонын жөндеу, талапқа сай қайта жабдықтаудың мерзімі бар. Жүру шақырымына байланысты белгілі бір уақытта вагондар тексеріліп, жөнделуі керек. Осы кезге дейін вагондарымызды Ташкентте, жеке және өзге де мекемелерге жөндетіп келдік. Бұл тиімсіз болды, жөндеу жұмыстары көңілден шыға бермейді. Содан неге өзіміз осы вагон жөндеу, шығару ісін қолға алмасқа деген ой келді, – дейді ол.

Қазір халық сапаны талап етеді, басқа елдердегімен салыстырып қарайды. Вагондардың жолаушылар үшін қызметі, қолжетімдігіліне мән береді. Дамыған елдердің транспорт саласын қадағалап отырады.

– Жолаушылар пойызға мінгенде тазалығына, сапасына қарайды. Әсіресе жастар жағы интернет арқылы бәрін бақылап отырады. Сондықтан әр вагонда жүйе бар. «WhatsApp» желісі арқылы жолаушылар өздерінің уәждерін айта алады. Мәселен, қолжуғыш, желдеткіш, жылудан мәселелер болса, желі арқылы хат жолдай алады. Осылайша шешімін табуға мүмкіндік қарастырылған. Бұған кез келген жолаушы құқылы. Жолаушылардың 60-75 пайызы өз пікірлерін білдіріп отырады. Осы ескертулер белгіленген нормадан асып кетсе, беріліп жатқан субсидияны қысқартып тастай алады. Сондықтан тұтынушы талабы бірінші ескеріледі, – деп толықтырды кеңесші.

Сонымен серіктестік «Жолаушылар вагондарын жөндеу, техникалық қызмет көрсету кешені және вагон құрастыру зауытының» жобасын іске асыруда.

Директор кеңесшісінің айтуынша, 15,4 млрд теңге инвестиция салынған жоба екі кезеңде жүзеге асады. Бірінші кезеңде жылына 560 жолаушылар вагонын ағымдағы жөндеу, 180 вагонға депо жөндеу кешені жоспарланған. Құрылыстың ішкі жұмыстары жалғасын табуда. Құрал-жабдықтар Ресейден жеткізілген. Бұдан бөлек, жобаны «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2,2 млрд теңгеге қаржыландырып отыр.

Екінші кезеңде жаңа технологияларды пайдаланып, вагон құрастыратын өндіріс құрылады. Ол – жылына 30-40 вагон шығаратын «Қызылорда вагон құрастыру зауыты». Дайындық жұмыстары осы жылдың екінші жартыжылдығында басталады. Ресейден және ҚХР-дан жабдықтар сатып алуға қажетті 8 млрд теңге «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы қарастырылуда екен.

Тәжірибе жинақтау мақсатында мекеме мамандары ресейлік әріптестерімен бірігіп, Ташкент қаласындағы вагон шығаратын зауытта болып, стандартқа сай 17 вагон шығарды. Оның ішінде пласкарт, купе және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған купе де бар. Вагондар талапқа сай жабдықталды. Мамандар тәжірибе алмаса отырып, шыңдалды. Одан әрі Беларусьтің Минск қаласында осындай зауытта болып, ол жақта да стандартқа сай екі вагон шығарды.

– Біз тұрған мына жер 2019 жылы ой болатын. Оны тегістеп, ретке келтірдік. Құрылысын бітірдік. Келешекте қанша шақырым жол жүріп, қала мен қала арасын жалғап, жолаушыларды тасымалдаған вагондар осында келеді. Дөңгелегінен бастап тозған бөлігінің бәрі де арнайы 9 пункттен тұратын тексерістен өтеді. Жөнделеді, келесі рейске дайындалады. Жай жөндеуден бастап күрделі жөндеудің бәрі де жүзеге асады. Жылына 500 вагон жөндеу жоспарда бар. Бастысы, вагон жөндеуге барлық мүмкіндік жасалады. Заманауи техника да жеткілікті.

Екінші кезең вагон құрастыру. Әрбір жобаның басында кадр мәселесі маңызды. Бұрынғы мамандар қазір жоқ. Біздің ұтатынымыз, қасымызда екі депо тұр. Соның мамандарымен қоса, жастарды да қосымша оқытып, қайта даярлаймыз. Тағы бір ерекшелігі, 7 аудан да теміржолдың бойында орналасқан. Сондықтан бұл сала бізге таңсық емес. Тәжірибемізді кейінгі буынға үйретеміз, олардың талабы қуантады,– дейді ол.

Сондай жастардың бірі – Мұса Құлмағанбет. Ол «Марал Нұр» ЖШС мекемесіне 2019 жылы жұмысқа қабылданған. Жолсеріктен бастап бірқатар қызмет атқарған. Қазір бір жылдың көлемі болған, депода инженер. Білікті мамандардың арқасында тәжірибе жинап жатқанын алға тартты.

Көп ұзамай Қызылордадан шыққан жаңа вагондар жолаушыны тиісті жеріне жеткізеді. Бұл қуанышты жаңалықты да бөлісетін күн алыс емес.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет

Аудан жаңалықтары

КЫЗЫЛОРДА

«APARU» ҚОСЫМШАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қалада жолаушылар мен көлік жүргізушілер үшін «Aparu» такси қосымшасы жұмысын бастады. Отандық бағдарлама тұтынушыларға жасырын комиссиясыз қызмет көрсетеді.

Қосымшаны іске қосу рәсімі «Достық» аллеясында өтті.

Айта кету керек, «APARU» – Өскемен қаласында жасалған қазақстандық энтузиасттар тобы құрған стартап. Қызылордада іске қосылғаннан кейін сервисті еліміздің басқа өңірлерінде де масштабтау жоспарлануда дейді өкілдік. Қосымшаны App Store және GooglePlay онлайн дүкендерінен жүктеуге болады.

АРАЛ

ҮЗДІК ҮШТІКТЕН КӨРІНДІ

Елордада 8-11 сынып оқушылары арасында республикалық ғылыми жобалар байқауы өтті.

Онда «Шижаға» елді мекеніндегі №57 орта мектептің 10-сынып оқушысы Данагүл Нұралы «Өлкетану» секциясы бойынша үздік үштікті қорытындылады.

Аймақ мерейін асырған жүлдегер шәкірттің жетекшісі – Жанар Жұмашова.

ҚАЗАЛЫ

АНТИЯДРОЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ МАҢЫЗДЫ БЕЛЕСІ

Биыл «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының құрылғанына 36 жыл толып отыр.

Осыған орай аудан әкімдігінің мәжіліс залында Семей сынақ алаңында әскери борышын өтеген қазалылық ардагерлермен кездесу өтті. Кездесуде аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Алиев ардагерлерді құттықтап, аудан әкімінің Алғыс хатымен марапаттады және арнайы сыйлықтар табыстады.

ҚАРМАҚШЫ

ДӘСТҮРЛІ АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДА

Аудандық білім бөлімінің ұйымдастырумен №26 мектеп базасында мектеп оқушылары арасында «Ұлттық ойындар – рухани байлығымыз» атты аудандық спартакиада өтті.

Оған 30 мектеп 6 аймаққа бөлініп, әр мектептен ең мықтылары бақ сынасты. Жарысқа жалпы 1050 оқушы қатысты.

Спорттық ойынның 11 түрінен өткен доданың қорытындысында жүлделі орындарды иеленген командалар аудандық білім бөлімінің дипломдарымен марапатталды.

ЖАЛАҒАШ

ТАЗАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жалағаш кентінің тазалық қызметкерлерімен кездесті.

Кездесуде аудан басшысы кенттің көркейіп, таза болуы үшін аянбай еңбек етіп жүрген тазалық қызметкерлерінің еңбегін ерекше атап өтті.

– Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз ауданымыздың көркеюіне үлкен үлес қосуда. Алдағы уақытта да жұмыла еңбек ете береміз деп сенемін. Сіздерге табыс, зор денсаулық тілеймін, – деді Ардақ Ибраимов.

СЫРДАРИЯ

«ШІРКЕЙЛІ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ САЙЛАНДЫ

Өткен жексенбіде «Шіркейлі» ауылдық округінде ауыл әкімін сайлау өтті.

Дауыс беру нәтижесінде сайлаушылардың басым дауысына ие болған Талғат Ізтайұлы Құламқадіров ауылдық округ әкімі болып сайланды.

ШИЕЛІ

ТАЗАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Ауданда «Таза Қазақстан» акциясы аясында сенбілік ұйымдастырылды. Сенбілікке аудан тұрғындары мен ұйымдар белсене қатысып, табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау үшін аумақтарды тазартты.

Шиелі ауданының әкімі Айтбай Жандарбеков арнайы қатысып, тазалық жұмыстарына атсалысты. Сенбілікке қатысушыларға алғысын білдіріп, бұл бастаманың ауданның тазалығын сақтау мен экологиялық жағдайды жақсартуға үлес қосатынын атап өтті.

ЖАҢАҚОРҒАН

КІТАП КӨРМЕСІ

«Руханият орталығындағы» А.Сопыбеков атындағы аудандық кітапханада Алғыс айту күніне орай «Алғыс айту – азаматтың асыл қасиеті» және Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығына арналып «Татулық пен бірліктің кепілі – Ассамблея» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты – достық пен ынтымақтастықты дәріптеу, салт-дәстүрін, мәдениетін, өзіндік үлгі-өнегесін оқырмандарға насихаттау.

Көрмеде достық пен келісім салтанат құрған Қазақстан мен этностар туралы кітаптар ұсынылды.

Дайындаған
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

БІЗДІҢ АУЫЛ

ТОЛҚЫН ТЕРБЕГЕН АУЫЛ

Менің туған топырағым Арал қаласынан 60 шақырым қашықтықтағы «Жалаңаш», бүгінгі «Мергенсай» ауылы. Теңіз жағалауына қоныс тепкен «Жалаңаш», «Үшшоқы», «Сарықұм», «Тастүбек», «Қарабұлақ», арғы шеті «Ақеспеге» дейінгі аралықтағы жерлерді ата-бабаларымыз «Көктырнақ» деп атаған көрінеді.

Сонау жылдары осы елді мекендер бір орталыққа топтастырылып, «Үшшоқы» шаңырағы көтеріледі. Балықшылар бас біріктіріп, серіктестік құрылады. 1928-1929 жылдары ұжымдастыру шешіміне байланысты «Бірлестік» колхозы құрылып, орталығы «Жалаңаш» елді мекені болады. Колхоз құрамына «Тастүбек», «Қарабұтақ», «Үшшоқы», «Мергенсай», «Саршығанақ» ауылдары топтастырылғанымен көп ұзамай колхоз таратылады. Яғни «Бірлестік» колхозы қайта құрылып, оған «Үшшоқы», «Жалаңаш» елді мекендері қарайды. Биыл осы – «Жалаңаш», бүгінгі «Мергенсай» ауылының ірге көтергеніне 95 жыл толып отыр.

Балалық бал дәуреніміздегі ауыл келбеті көз алдында көлбеңдей тұрады екен. Ұмытпасам, сол кезде ауылда бар-жоғы 60-70 шақты ғана отбасы ғұмыр кешкен еді.

Баламыз ғой, көк теңіз бен шағаланың дауысы, алып кемелердің гүрілі, таң білінер-білінбесте өре түрегелетін балықшылар, өрісті бетке алған төрт түлік мал, бәрібәрі керемет әсерге бөлейтін еді. Аңқыған жусан мен изен иісі мұрынды жарып, рахат сезімге бөлеуші еді.

Майшамның жарығымен оқыған кітабымызды жастық астына салып, жастанып жатқан бізді де таң білінер-білінбесте «Ворошилов», «Попов», «Киров», «Генерал Ватутин» кемелерінің дауысы шырт ұйқыдан оятып, қара сирақ бала болсақ та тіршілікке кірісіп кететінбіз. Ыспа құмды жалаңаяқ кешіп, теңіз жағасына барып, кеше кешкілік салған тор көзді ауымызды тартқылаймыз. Аудың тор көзінде тыран мен торта тұнып тұратын. Құйрықтарын ұрғылай тыпырлаған балықтарды қапқа салып, иыққа асып, қазан-ошақ басына әрең әкелетінбіз. Балық иісін сасытып мектепке барамыз.

Кезінде қамкесектен салынған жатаған мектебіміз 8 жылдық болатын. Бір сыныпта бар-жоғы 10-12 оқушы едік. Мектебіміздегі он бір оқытушыдан дәріс алсақ, осының оны ер адам еді. Орынбике апай 1-сынып оқушыларына сабақ беріп, әліппе бетін аштыратын. Ал мектеп директоры балуан денелі, қарқылдай күліп, аңқылдай жүретін Құлекен Шаңқұлов ағай болатын. Білім нәрімен сусындатқан Әбдірейім Есендіков, Аққали Әбілов, Әнес Иманғанбетов, Мұқаш Талдиев, Әлдірза Жолдасовтардың тәлім-тәрбиесіне тәнті болатынбыз. Ұстаздардың алдынан кесе өтпей, бас киімізді қолға алып, иіліп сәлем ететінбіз. Кейінгі ұрпақ осыны ойлануы тиіс.

Ауыл тұрғындарының атакәсібі – балық шаруашылығы. Содан да балықшылардың бітім-болмысы бөлек. Олар аптап ыстықта жалаңаштанып, жағада тұрып жылымды тартқыласа, қақаған қыста қалындығы бір метр болатын теңіз мұзын ломмен ұрғылайтын. Ол кезде жылымның шонтайын жағаға тарту үшін қос өркешті атанды ағаш шығырына жегіп, тартатын. Ауыздарынан ақ көбіктері бұрқыраған атанды қамшылап, жылым шонтайы жағаға жеткенше шығырды шыр айналып біз жүретінбіз. Заман-ай, сол кездері жылым шонтайы тола бекіре, қаяз, жайын, сазан, тісті, тыран, торта араласып, жанталасып жатушы еді.

Біздің ауылдан есімдері елге танымал айтулы азаматтар түлеп ұшты. Айталық, Қуатжан Досжанов ағамыз Арал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, бертін келе Қызылорда облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарса, екінші бір Досжанов Сейітжан ағамыз «Аралтұз» комбинатына 20 жылдан астам уақыт басшылық жасады. Ал Иманғали Сейітов ағамыз еліміздің бірнеше облыстарында бас прокурор болса, Әділбек Әйімбетов Арал аудандық атқару комитетінің төрағасы, Жәдігер Орақбаев, Әбжәми Құтмамбетовтер Қызылорда облыстық тұтынушылар одағын басқарды. Біздің бала кезімізде колхоз төрағалары болып, ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігінің түзелуіне Әбжан Жантекеев, Әбдіғани Жүсіпов есімді ағаларымыз сүбелі үлес қосты.

70-жылдардың орта шені. Үй іргесін ұрғылап жататын теңіздің ақ бас толқындары ішін тартып, алыстан «мен мұндалап», сағымданып қана көрінетін күй келді. Шағаланың шаңқылы да жоғалды. Керемет кемелер мен ескекті қайықтар жағада қайырлап жатты. Кемелер ауыл іргесіндегі «Саршығанақ» түбегіне «Кемелер қорымына» жинақталды. Бертін келе ашық мұражайдағы кемелер қараусыз қалып, талан-таражға түсті. Өкінішті!

Әлі есімде, теңіз тартыла бастаған соң атакәсіптерінен айырылған кейбір ауыл тұрғындары үдере көшіп жатты. Оны айтасыз, Ауан, Ұялы елді мекендері тып-типыл болған да еді. Ал теңіз-аналарының қайтып келетініне күдікпен емес, үмітпен қараған біздің ауыл тұрғындары көшкен жоқ. Десе де, теңіздің ауыл іргесіндегі «Саршығанақ» тұйығы тартылып кетуінен балық та жоғалды. «Не істеу керек?» деген сұрақ мазалаған ауыл балықшылары Балқаш көліне барып, 6-7 айлап жатып, балық аулайтын. Сөйтіп 5-6 жыл бойы ауыл тұрғындарының асыраушысы болған еді. Әттең, кейін бұл тірліктеріне де жоғарғы жақтың нұсқауымен тыйым салынды.

Жасыратыны жоқ, сол кезден бастап, яғни тоқырау жылдары ауыл тұрғындары тұрмыс таукыметін тарта бастады. Төрт түлік малын талғажау етіп, оның да басы күрт азайды. Бұрындары су сұраса сүт берген, айран берген ауылдастар енді бір-біріне сүт емес, су беруге де бармайтын көңілсіз күй кешті.

Сол жылдары біздің «Бірлестік» ауылы («Мергенсай») тұрғындары бірлесе отырып, жаңа бір тіршілік көзін ашты. Әділбек Әйімбетов, Марат Құтмамбетов, Табын Әленов сынды ауыл азаматтары «Аралдан Каттегатке дейін» бағдарламасы бойынша даниялық балықшылармен байланыс жасап, тұзды теңізге камбала балығының ұрығы жіберіле бастады. Ауылға даниялық балықшылар келіп, тұзды теңізде камбала өсірудің тәсілдері жайлы тәжірибе алмасып, балық аулау амалдарын үйретті. Содан алты-жеті жыл бойы камбала балығын аулаған ауылдастарымның тұрмыс-тіршіліктері түзеле бастаған болатын.

Бертін келе еліміз еңсесін тіктеп, «САРАТС» жобасы өмірге келді. «Көкарал» бөгеті салынып, Кіші теңіз жағаға жақындай бастады. Атакәсіпке қайта жан бітіп, елдің несібесі толыса түсті.

Туған жердің келбеті де өзгеріске енді. Ауыл тұрғындарының асарлауымен мектеп салынып, екі қабатты балабақша бой көтерді. Ауылдастар тұрғын үйлерін жаңа типпен жарыса салып та жатыр. Ауызсу жүйесі тартылып, халықтың басты игілігі жақсарды.

Десе де «Мергенсай» ауылының әлі де болса өз шешімін таппай жүрген толғақты мәселелері бар болатын. Әлгінде айтқандай, бұл ауыл Арал қаласынан 60 шақырым қашықтыққа қоныс тепкен. Жол қатынасы жоқтың қасы, яғни кезінде бастау алған асфальт төсеніші бертін келе қаржыға байланысты тоқтатылған. Екінші бір толғақты мәселе, жоғарыда айтқандай, мектеп ғимараты қамкесекпен асарлап салынған. Ауыл көшелерінің келбеті де сын көтермейді.

Жуырда аудан әкімі Аманжол Оңғарбаевтың облыстық «Сыр бойы» газетіне берген сұхбатын егжей-тегжейлі оқып, тағы бір қуанышты жаңалыққа қанықтық. Биыл мұнда жаңа білім ошағы – типтік жобадағы мектеп ғимараты бой көтермек. Сондай-ақ Арал қаласына қатынайтын 60 шақырым автокөлік жолы асфальталмақ. Тағы бір жағымды жаңалық, осы кезге дейін шалғай жерден ауызсу тасымалымен күн кешіп отырған «Мергенсай» ауылына қарасты «Тастүбек» елді мекеніне ауызсу желісі тартылмақ. Міне, осы бір игілікті істер үшін ауыл тұрғындарының айтар алғыстары шексіз.

Осындай игілікті іс-шаралардың жүзеге асуында ел бірлігі бәрінен маңызды. Сондай-ақ атақонысты абаттандырып, тазалығы мен тәртібін сақтап отыру сондағы ағайынның ауызбірлік міндеті екенін де ұмытпаған абзал.

Еркін ӘБІЛ,
жазушы-журналист,
Арал ауданының Құрметті азаматы

ҰЛБИКЕ АҚЫН – 200

ҚАЙЫМ АЙТЫСТЫҢ ҚАРЛЫҒАШЫ

Фото: Ашық дерекқордан

Айтыс өнерінің XIX ғасырдағы жарық жұлдызы Ұлбике Жангелдіқызы 1825 жылы бұрынғы Тереңөзек ауданында дүниеге келген. Өнерімен елді тамсандырып, әсіресе, тақпақтап сөйлеу оның күнделікті дағдысына айналыпты. Орнықты ой тізбегі, ұтқыр жауап, ақындармен өзара сөз қағыстыруы айтыс өнерін халықтық деңгейге көтерген. Ұлбике өзімен айтысқандардан оқ бойы озып, дараланып ерекше көзге түскен.

Ақынның өмірін зерттеген филология ғылымының докторы Сәрсенбі Дәуітұлы (Ұлбике ақынның айтыстарын араб әрпінен кириллицаға түсірген) өз зерттеулерінде: «Ақын қыз он екіге дейін сөйлемей тек он екі жасқа келгенде өлеңмен сөйледі» деуі де осы бір деректі растай түседі. Ұлбике өзімен айтысқан Мәделі ақынға:

– Әудемжармен әуелі үкімді аштым,
Он екімде өлеңмен тілімді аштым.
Он үшімде өзіңдей бозбаламен,
Жұмбақ айтып өлеңмен жағаластым,

– деуі де тілінің кеш шыққанын, бала жастан жырды жанына серік еткенін айғақтай түседі. Ол әнші, дәулескер күйші, мықты домбырашы болған. Бойындағы бұла таланты буырқанып, қызыл тілге құйылған. Мұны көрген халық «ақынның көмейіне өлең ұялаған» деп бағалаған екен. Оны Күдеріқожамен, Таспақожамен, Майлықожамен, Серіәлікожамен, Мәделімен, Жанкелмен айтыстарынан анық байқауға болады. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мейрамбек Төлепбергеннің «Ұлы даланың ақ періштесі» атты мақаласында былай дейді: «...Ұлбике ақынның атақданқы өзі небәрі 24 жыл өмір сүрген XIX ғасырда Сырдария мен Қаратаудан асып, Сарыарқа мен Ақжайыққа дейін кеңінен жайылғанына анық көз жеткізуге болады. Бұла таланты буырқанып, қызыл тілге құйылған, қызғалдақтай құлпырған бойжеткеннің бақыты да, соры да өнер жолында болған екен. Ел аузында сақталып қалған әңгімелер мен мұрағаттық қолжазбалар оның ақындығын жете танытса, қайым айтыс өнеріндегі тапқырлығы мен шешендігі тәнті етеді. Көзге ұрып көрініп тұрса да, ақынның жанашыр іздеушісінің болмауынан оның мұрасы арнайы зерттелмей, қағыс қалғанын мойындауға тура келеді. Әйтпесе, Ұлбике ақын жөнінде XIX ғасыр мен XX ғасырдың өзінде-ақ жеріне жеткізіп айтқан шоқтығы биік ғалымдар аз болмаған екен. Соған қарамастан, біздде осы кезге дейін айтыскер ақын қыздардың, өнер қайраткерлерінің шығармашылық өмірбаянының жазылмауы қазақ әдебиеті ғылымындағы ең үлкен олқылықтардың бірі болып келгенін жасыруға болмайды».

Қазақ ауыз әдебиетінің бай мұрасының басын біріктіріп, зерттеген, жинақтаған Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің айтуынша, Ұлбикенің әкесі Жангелді дәулетті, өлең-сөзге аса жүйрік, ақын кісі болыпты. Қыздың шешесі Жаңыл да ойлы, сөзге шешен, ақындар айтысында алдына жан салмаған талантты жан болған екен. Қазанғап Байболұлының «Төле бидің тарихы» (1941 ж) атты дастанында Жангелді ақын мен Жаңыл ақынның жыр айтып, өлеңмен сөз қағыстыруы осы деректі дәлелдей түседі. Ақындық өнер терең тамыр жайған, әсем де сұлу әлемімен үйлескен отбасында жырмен сусындап өскен Ұлбике де тұлымшағы желбіреген бала кезден көзге түсуінің өзі кездейсоқ емес екенін анық аңғаруға болады. Сол заманда Сыр өңірінде аты белгілі болған Базар жырау, Марабай, Нысанбай, Тұрмағанбет, Ешнияз секілді ақын-жыраулар мен көмейі бүлкілдеп, кеудесінен жыр пырақтары ұшқан өнер дүлдүлдеріне толы болатын. Ән мен жырдың бесігінде тербеліп өскен Ұлбике қыздың алғаш кіммен өнер сайысына түскені, кіммен сөз қағыстырғаны белгісіз. Бірақ ақынның өмірбаяндық деректері мен айтыстарын жазып, асыл қазынаға үлес қосқан Мәшһүр Жүсіп Көпеев пен Әбубәкір Диваевтың қолжазбаларында ақынның қолына домбыра алып, өнер додасында жүрексінбей, бірден жарқырап көрінуі анық айтылған. Ұлбике ақынның:

– Бес жасымда шешеме болдым шырақ,
Сегізімде әкеме қойдым құлақ.
Тоғыз жасқа келгенде үрдей болып,
Өлең айттым Наурызда үй жағалап,

– деуінің өзі ерте ашылған талантын, жырмен өрілген ғұмырының бастауында қаншама сыр жатқанын аңғартса керек. Жыр алыбы Жамбыл: «Өлең кірген түсіне, жөргегінде мен болам» деп жырласа, ақындық өнерді бойына сіңіріп өскен Ұлбике ақын:

– Моншағымның әр тасы бір өлең-ді,
Бесігімде үйренгем бар өлеңді, – деп толғанады. Ұлбике ақын жұлдыздай жарқырап, талантымен дүйім жұртты тамсандырғаны соншалықты оның Күдеріқожамен айтысы 1870 жылы орыс ғалымы В.Радлов құрастырған «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» деген тарихи кітапқа енген. Сөйтіп, күнді дерек, қымбат мұра ретінде бізге жеткен. Ұлбике Жангелдіқызы жайлы аса көрнекті халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов та жүрген жерінде: «Ақынның өзі айтысқан небір мықты ақындардан басым түсіп, айтыс өнерін халыққа танытқан нағыз сөз шебері» деп атаса, Шерхан Мұртазаның: «Үлкен дүниеге көркем туындыға сұранып тұрған тұңғиық әлем және терең тағылым» деуінің өзі Ұлбике ақынға берілген зор баға деп білеміз. Сондай-ақ Шерхан ағамыз:

«Он екі жасына дейін тілі шықпаған бүлдіршіннің алғашқы үні өлең сөзбен ашылғаны – аса биік Құдіреттің ісі...» дейді. Тереңөзек (кейбір деректерде Қараөзекте деп те айтылады) табанында туып, көне Тараздан топырақ бұйырған дара тұлғалы ақынның тағдыры аянышты аяқталады. Осы Сыр бойында дүние есігін ашып, тал бойына біткен бұла таланты енді ашыла бастаған шақта Есмырза би бастап, бүкіл әулетімен Әулиеата жеріне көшіп барады. Бұл жайлы Ұлбике:

– Төменнен жеті көшіп, өрге келдік,
Жеті әулие тоғысқан жерге келдік, – деп толғайды.

Ұлбике Жангелдіқызы арнайы оқып, білім алмаса да жастайынан өздігімен ізденіп, оқу, білімді игерген, сауатты, ой-өрісі кең адам болған. Білім деңгейінің биіктігі сондай, онымен айтысуға өзге ақындар үлкен дайындықпен келеді екен. Күдеріқожа мен Таспақожа – Ер Көшектің балалары, ағалы-інілі ақындар. Сол Күдеріқожамен Ұлбике ақын үш рет айтысып, бірде жеңіліп, бірде жеңіп, таразы басы кейде тең түсіп отырған.

Ұлбике Жангелдіқызы қазақтың қайым айтысының ұшар басындағы алғашқы қарлығаш десек, артық емес. Ер Көшек баласы Күдеріге: «Балам, Ұлбикемен айтысамын десең, Бұқараға барып, үш жыл оқып кел, әйтпесе, онымен сөз қағыстырып әуре болма» деген көрінеді. Сонда Күдері әкесіне: «Ұлбикені тоқтататын бір ауыз сөз тауып бер» деп өтініш айтқан көрінеді. Сонда әкесі: «Жиырма тоғыз ғаріпті бір-ақ ауыз өлеңге сыйдырып айт. Екі ғаріпті қалдырып кет, соның қалғанын Ұлбике ақын білсе, одан әрі қарай айтысу бекер. Оның өкпесінде өлең жазылған» депті.

Кезекті айтыс кезінде Күдері әкесі айтқандай «шын» мен «жиымды» сөзден аяқсыз қалдырып, өлеңмен айтқанда, аңғарымпаз ақын қыз:

– Қожеке, өлең айттың, кітап аштың,
Жау қуды ма, асығып, неге састың!
«Шын» мен «жиымды» қалдырып,
қара басып,
Құранды аяғына қалай бастың? –

деп сол жолы Күдеріні жеңген екен.

Менің қолымда Қадыр Мырза Әлидің 10 томдық шығармалар жинағы бар. Бұл кітапқа 2 бөлімді, 5 көріністі «Мың бір мұң» трагедиясы да кіріпті. Бұл драмалық шығарма негізінен Ұлбике ақынға, оның өміріне, шығармашылығына арналған. Оны тебіренбей, көзге жас алмай оқу мүмкін емес. Ақын өмірінің ең азапты, аянышқа толы сәттері де сол тұрмысқа шыққаннан кейін басталады. Жастайынан атастырылып қойған ақын қыз ұзатылғаннан кейін, өнерден, өлеңнен еш хабары жоқ нойыс Бойтанның талабымен домбыра шертуді, айтысуды қойып кетеді. Бұл жайлы Ұлбике ақын: «Тұнжыраған тіршілік, өліп барам тұншығып» деп аһ ұрады.

Таспақожамен айтысында Ұлбике ақын Бойтанның адымын аштырмай, әр басқан қадамы аңдулы екенін білдіреді.

– Әркім аттар шамалап арығынан,
Тамшы тамар тостақтың жарығынан.
Екі аяқты еркекте мін болмайды,
Қыз да аңғарар жігітті парығынан.
Жастай өскен жерімде бағыланмын,
Ұзап кетсем елімді сағынамын.
Қабыланның қолына түсіп қалдым,
Жазғанына жазмыштың не қыламын?!
Көшкен елдің жақыны, ұзағы бар,
Таулы-тасты, шөл дала құзары бар.
Қайда барсам, жолымды кес-кестейтін,
Құрып қойған Бойтанның тұзағы бар,

– деуінен көп нәрсені аңғаруға болады. Десе де, қатар-құрбы, жырсүйер қауым, оны үйіне іздеп келетін болған. Қолқалап айтысуын, домбыра тартуын өтінеді екен. Осындай кештерден кейін ақын қыз үнемі таяққа жығылып, басы жарылып, азапты күндерді басынан өткеретін болған.

Тағы бірде көрші ауылда қыз ұзату тойы өтетін болады. Бойтан әдетінше серілік құрып, қыдырыстап кетеді. Ұлбикенің қайнылары мен қайынсіңлілері одан тойға баруын, айтысқа түсуін, өлең айтуын өтініп, бәйге алып, ауыл мәртебесін көтеруді сұрайды. Ұлбике күйеуіне серт бергенін, уәдені бұзбайтынын, оның рұқсатынсыз тойға бармайтынын, өнер сайысына түсе алмайтынын айтады. Жастар оның бұл уәжіне келіспей: «Егер атаң рұқсат етсе барасың ба?» дейді. Сонымен жастар рұқсат алып, Ұлбикемен бірге тойға барады. Ақындардың ешбіріне дес бермей, жүлдені де алып, құрмет-кошеметке бөленген Ұлбике тойдан көтеріңкі көңіл күймен келгенде, алдынан қаһарына мінген Бойтан шығып, қақ маңдайдан ұрады. Сол алған жарақатынан қансырап, үш күн жатып, Ұлбике ақын жан тапсырады. Бұл кезде ол небәрі 24 жаста еді.

Ұлбикенің төркіні ошақтылар сіргелілерден күн даулайды. Екі жақтың ақсақалдары өзара кеңесіп, күн дауын шешуді діни ғұлама би, оқымысты Күдеріқожаға тапсырады. Ол халыққа қарап: «Құнды бидің билік жолымен немесе Пайғамбардың шариғат жолымен шешейін бе?» деген сұрақ тастайды. Сонда халық шариғат жолымен шешуді таңдапты. Сөйтіп Ұлбикенің денесін сойып, өкпесін ашып көргенде, жыпырлаған жазуды көреді. Мұны көрген би Ұлбикенің құнына Бойтанды өмірлік құл етуге, 150 жылқы, 18 «жақсы» төлеу жайлы үкім шығарады. «Жақсы» деген қалы кілем жабылған түйе бастаған қазақтың тоғыз ең асыл мүлкі. Бұл үкімге екі жақ та риза болып тарасыпты.

«Бұл қазақтың билік тарихында үш ердің құны болып саналады. Сол кездегі заңдарда («Қасым ханның Қасқа жолы», әз Тәукенің «Жеті жарғысында») әйелдің әулиесіне бір ердің құнын кесу белгіленген. Ал үш ердің құны тек қана үш жүздің ханына не бас қолбасшысына ғана бұйырған. Күдеріқожа қазақтың билік тарихында шариғат ұйғарымын пайдалана отырып, мұсылман конституциясы – Құранға жүгініп, әйелге, Ұлбикедей қазақтың асыл аруына үш ердің құнын кескен тарихи, бірегей билік шығарған» деп жазады мемлекет және қоғам қайраткері С.Шаухаманов.

Биыл қайым айтыстың хас шебері Ұлбике Жангелдіқызының туғанына 200 жыл толады. Мәңгілік тыныстаған Әулиеата жерінде, Тараз қаласында Ұлбике атындағы көше бар. Қаратау қаласындағы мәдениет үйіне есімі берілген. 2005 жылы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында осы мәдениет үйінің алдына ақынға арнап ескерткіш орнатылды. Бұл Ұлбике ақынның рухын қастерлеу, оның өнеріне бас ию деп түсіндік.

Сәуле ЕРІМБЕТ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚ ТА ТАБЫС ӘКЕЛЕДІ

Үшінші жоба аясында пластикалық шелек пен жеңіл контейнерлер өндірісі іске қосылады. Сонымен қатар, облыс орталығында «Rem Plast Invest» ЖШС қайталама шикізаттан қағаз және картон қабаттарын шығаратын цех құрылысын бастады. Кәсіпорынның қуаттылығы жылына 5,4 мың тонна. Қала әкімдігі жобаны жүзеге асыру үшін шағын индустриялық аймақтан 2,5 гектар жер телімін бөлді. Кәсіпорын екінші тоқсанда іске қосылады. Инвесторлар жобаның екінші кезеңінде қағаз-гигиеналық өнімдер өндірісін жолға қоюды жоспарлап отыр.

Аудандарда да сұрыптау кешендері салынады. Арал ауданында жылдық қуаты 10 мың тонна болатын ҚТҚ зауытын «Хан батыр» ЖШС, Қазалы ауданында дәл осындай зауытты «Досмұқасан Жалғасбек» ЖК, Жалағаш ауданында «К.Қанатбаева» ЖШС (5 мың тонна), Шиелі ауданында «Формула безопасности Астана» ЖШС (7 мың тонна), Жаңақорған ауданында «КомХозЖаңақорған» ЖШС (20 мың тонна) салады.

Қызылорда қаласы әкімдігінің мәліметінше, бес жыл бұрын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ашылған полигон жыл сайын артып келе жатқан қоқыс көлемін игере алмай отыр. Мысалы, 2022 жылы полигонға 56 мың тонна, 2023 жылы 73 мың тонна, ал 2024 жылы 100 мың тоннаға жуық қалдық шығарылған. Белкөлдегі қолданыстағы қоқыс сұрыптау кешені маңынан 4 гектар жер мемлекеттік грант ретінде бөлінді. Жоспарда қолданыстағы полигонды инвестордың сенімгерлік басқаруына беру қарастырылған. Жобаны «Kazakh Invest» ұлттық компаниясы сүйемелдейді.

Қала әкімінің орынбасары Пакуатдин Шамұратовтың айтуынша, биыл 15 жаңа өндіріс іске қосылып, 800 жаңа жұмыс орны ашылады.

– Жобалардың жетекшілерімен кездесу барысында біз инженерлік инфрақұрылымды тарту мәселесін талқыладық. Егер құрылыс жұмыстары кезінде қандай да бір қиындық туындаса, инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетіледі. Инвестиция тартуға ерекше көңіл бөлінуде, өйткені бұл қаланың, облыстың және ел экономикасының дамуына ықпал етеді. Өткен жылы Қызылорда қаласында негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 19%-ға өсті, – деді ол.

Айрықша атап өтейік, өткен жылы Қызылорда негізгі капиталға инвестиция тарту және өңдеу өнеркәсібін дамыту қарқыны бойынша көшбасшы аймақтардың біріне айналды. Бұл жұмыс биыл да сәтті жалғасуда. Соның ішінде Қызылорда қаласында оңтүстіккореялық технология бойынша ҚТҚ сұрыптау және қайта өңдеу зауытын салу инвестициялық жобасы да бар.

«Kazakh Invest» ұлттық компаниясының өңірлік директоры Мұрат Балабайдың әлеуметтік желідегі парақшасындағы жазбаға қарағанда, бұл аймақтағы ең ірі нысан болмақ. Жобаны «With You E&C», «Shinha Pascal» және «Plex Engineering» компанияларынан құралған корейлік консорциум қаржыландырады. Жобаның бірінші кезеңінің құны – 9,5 млрд теңге. Зауыттың қуаттылығы жылына 300 мың тонна қалдықты қайта өңдеуге жетеді. Іске қосылған кезде 122 тұрақты жұмыс орны, ал құрылыс кезінде 100-ге жуық уақытша жұмыс орны ашылады.

Корейлік тарап жоба-сметалық құжаттаманы әзірлеп, қазақстандық стандарттар мен нормаларға бейімдеу, сыртқы нарықты зерттеу және техникалық сараптама жүргізу бойынша келісім-шарт жасады. Құрылыс жұмысы биыл ақпан айында басталса, ал зауыт 2026 жылдың шілде айында іске қосылады деп күтілуде.

Жобаның екінші кезеңінде 6-20 МВт электр энергиясын өндіре алатын қоқыс өртеу зауытын салу жоспарланған. Жобаның құны шамамен 20,5 млрд теңге. Бұл кәсіпорын аймақтың қоқыс мәселесін шешіп қана қоймай, қосымша электр энергиясының көзі болады.

Жобалардың тұжырымдамасы өткен жылдың маусым айында Қазақстан мен Оңтүстік Корея президенттерінің қатысуымен өткен Қазақстан-Корея бизнес-форумында нақтыланды. Форум аясында Қызылорда облысының әкімдігі мен «With You E&C» компаниясы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Өткен жылдың желтоқсанында заңнамада қарастырылған инвестициялық преференцияларды алу үшін компания мен Сыртқы істер министрлігі инвестициялар комитеті арасында келісім-шарт жасалды. Сонымен қатар, кореялық тарап жобаның екінші кезеңін, яғни қоқыс өртеу зауытының құрылысын бастауға дайын. Алайда бүгінгі күнге дейін осы нысанда өндірілетін электр энергиясының тарифі бекітілген жоқ.

Бұл тәжірибе қоқыс мәселесін кешенді әрі тиімді шешуге болатынын көрсетеді. Инвестициялар, инновациялық технологиялар және жергілікті биліктің белсенді жұмысының арқасында өңірді қоқыстан тазартып қана қоймай, экологиялық мәдениетті дамытып, жаңа жұмыс орындарын ашып, қосымша табыс көзін де қалыптастырады.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет.

«БОЛАШАҚ» ШЫҚҚАН БІР БЕЛЕС

Қай кезеңде болмасын, әрбір мемлекеттің алға қарай қарыштап қадам басуы, тұғырының берік болуы – сол елдің білімді жастарының қолында. Осы орайда заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім» деген аталы сөзі ойға оралады. Жас ұрпақтың жігеріне жалын беріп, көкірек көкжиегін кеңейту жолында жоғары оқу орындарының қосар үлесі қомақты.

Қызылордадағы «Болашақ» университеті ілкімді істерімен, толағай табыстарымен биыл өзінің 30 жылдық белесіне қадам басты. Одан бөлек, университеттің негізін қалаушы экономика ғылымының докторы, ҚР Ғылым академиясының академигі, университеттің ғылыми жетекшісі Бақберген Досмбетов мерейлі 80 жасқа толып отыр. 30 жыл ішінде университет мемлекет және қоғам қайраткерінің басшылығы негізінде ғылыми жетістіктерімен, заманауи білім бағдарламаларымен және білікті кадр даярлаудағы жаңашылдығымен ерекшеленіп, облыстағы алдыңғы қатарлы оқу орнына айналды. Қазіргі күні мұнда 2 жоғары мектептен тұратын 8 кафедра бар. Бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламалары аясында 5 мыңға жуық жас оқып жатыр. Студенттерге 200-ден астам профессор-оқытушы дәріс береді, оның ішінде ғылыми дәрежесі мен атағы бар штаттық оқытушылар саны 80-нен көп.

– Бізде студенттердің оқу процесін, тұрмысын, өмірі мен бос уақытын дұрыс ұйымдастыру үшін қолайлы жағдай жасалған. 12 қабатты кампуста заманауи зертханалар, компьютерлік және интернет-аудиториялар, интерактивті тақталар, электронды оқу залдары жеткілікті. Өзге өңірлерден, жақын шет елдерден келіп оқып жатқандар да бар. Олар 800-ден астам адамға арналған, айналасы абаттандырылған екі жатақханада тұрады. Оқу орнының материалдық-техникалық базасының талапқа сай болуы, жыл сайын нығаюы бәсекеге қабілетті маман даярлауға мүмкіндік береді, – дейді «Болашақ» университеті бизнес, техника және технология жоғарғы мектебінің деканы, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Мұратбек Ембергенов.

Университетте жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметі ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы магистратура бағдарламалары бойынша іске асырылады. Дәрістер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Ұстаздар оқу процесінде тұлғаға бағытталған тәсілдер мен оқытудың инновациялық әдістері, оқу процесін компьютерлендіру және жаңа білім беру модельдерін енгізу тәжірибесін белсенді түрде қолданады.

Білім беру бағдарламалары аясында түлектер жұмысқа орналасу немесе оқуды жалғастыру үшін білім, дағдылар мен және құзіреттерді игеру мүмкіндігіне ие. Білім беру сапасын бағалаудағы басты критерий – түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші. Осы орайда бакалавриат түлектерінің жұмысқа орналасу динамикасы жыл өткен сайын артып келе жатқанын байқаймыз. Мысалы, 2019 жылы түлектердің 72,5, 2020 жылы 80, 2021 жылы 83,2, 2022 жылы 84,8, ал өткен оқу жылында 85,3 пайызы екі қолға бір күрек тапқан. Соңғы жылдары магистратура түлектерінің де жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғарылаған.

«Болашаққа» қарасты екі колледж бар, соның бірі – университеттің жоғары колледжі. Ашылған жылы мұнда небәрі 9 мамандық болса, уақыт талабына сәйкес гуманитарлық, педагогикалық, техникалық, қызмет көрсету салалары бойынша 34-ке (56 біліктілік) артты. Оқытушылар мыңнан астам ұл-қызды өмір сүруге икемді, қоғамға пайдалы, білімді, шығармашылыққа бейім, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға күш салып келеді. Көпшілік арасында жұмысшы мамандықтарды дәріптеу, оларға қажетті жағдай жасау, білім беру жүйесін жаңғырту арқылы жастардың осы мамандықтарға қызығушылығын арттыру бағытындағы бастамалар «Жұмысшы мамандықтар жылында» лайықты жалғасын тауып отыр. Өскелең ұрпақты осы салаға тартуда, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадр даярлауда колледж елеулі қызмет атқарады.

– Білім алушылар мамандығының сәйкестігіне қарай қысқартылған оқу бағдарламасы негізінде оқиды. Өндіріс орындарымен келісімге сәйкес аптасына бір күн дуальды оқытуға көңіл бөлеміз. Студенттер өндіріс орнына барып, тәжірибе жинақтайды. Мысалы, банктерде, құрылыс, құқық қорғау, мұнай-газ, электр энергетикасы мекемелерінде білімін шыңдайды. Еліміздің техникалық-кәсіптік білім беру жүйесіне дуальды оқытудың қолданысқа енгізілуі маман даярлау үшін маңызды. Болашақ мамандар студент бола жүріп жұмыс орнында сынақтан өту арқылы теорияны тәжірибемен ұштастырады. 2023-2024 оқу жылында 300-ден астам жас колледж бітірсе, соның 75 пайызы мамандығына сәйкес еңбек етіп жатыр. Ал 10 пайызы жоғары білім алу жолында, – дейді Мұратбек Ембергенов.

Президент бастамасымен 2025 жылдың «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жариялануы қоғамның еңбек адамына құрметін арттыруға бағытталған. Ал бұл еліміздің экономикалық дамуына жол ашады. Осы ретте «Болашақ» университетінің жоғары колледжі жұмысшы мамандықтарға жаңаша көзқарас қалыптастыруда маңызды рольге ие. Білім алуға лайықты жағдайдың жасалуы студенттердің біліктілігін арттыруға және олардың халықаралық деңгейдегі талаптарға сай білім алуына мүмкіндік береді.

Отыз жылдық тарихында білікті кадр даярлау ісіне, ғылымды дамытуға елеулі үлес қосқан университет бүгінгі күні өрісі кеңейіп, әлдеқайда беделді әрі еңселі білім ордасына айналып келеді. Алдағы белестерді бағындыруда қажырлы еңбек, үздіксіз ізденіс, қарымды қабілет іргелі ұжымның негізгі ұстанымы болып қала бермек.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ЖӘДІГЕР

Сыр өңірінде Сәрке батырдың босмойын шоқпары сақтаулы. Сәрке батыр – Табын руынан тараған Өмірқұл байдың бел баласы. Жастайынан ержүрек болып өскен Сәркенің алғырлығын байқаған әкесі арнайы адам жалдап, ұрыстың әдіс-тәсілдерін үйретіп, бес қаруын сай қылған. Жаугершілік заманда батырлар босмойын шоқпарды жиі қолданған.

СӘРКЕ БАТЫРДЫҢ БОСМОЙЫН ШОҚПАРЫ

Шоқпардың сабы жиде ағашынан, басы емен ағашының өзегінен сопақша формада жасалған. Басы сабына металл шынжыр арқылы бекітілген, бүлдіргінің орны сақталған. Ұрыста білекке іліп, соққы беру үшін ыңғайына қарай бүлдіргі бау тағылған. Босмойын шоқпар ортасындағы шынжырымен ерекшеленеді. Шынжыр – сап пен басты жалғайтын бөлігі. Шоқпардың босмойын аталуы да сондықтан. Батыр босмойынды айналдырып келіп соққы бергенде еменнің мықты өзегінен жасалған басы жауын ойсырата құлатқан. Ұзындығы – 78 см, сабының ұзындығы – 52 см, ұрма бас ұзындығы – 20 см, жалғау шынжыр ұзындығы – 6 см.

Шоқпары қазір Жалағаш ауданы «Ақсу» ауылының тұрғыны, батырдың ұрпағы Жақанов Қобланбек Оңласынұлының төрінде ілулі. Қобланбек – Сәрке батырдың жетінші ұрпағы, тарқатып айтатын болсақ, Сәркеден – Бекайдар мен Ақайдар, Бекайдардан – Сүттінген, Қашқынбай, Қуат, Медет, Медеттен – Асықбай, Махан, Баймен, Маханнан – Еспан, Орман, Доспан, Еспаннан – Жақан, Жақаннан – Оңласын, Оңласыннан – Алтынбек, Қобланбек, Еркін тараған.

Босмойынның осы күнге дейін жету тарихы белгісіз. Уақыттың небір тезінен өткен әулеттің есінде қалмаған. Жақанның қызы Еспанова Кеншім қару әке шаңырағында ес білгелі бар екенін, Өмірқұл аталығынан тараған ұрпақтың бауырмалдығы мен жанашырлығының арқасында құнды жәдігердің сақталғанын айтып отырады.

Кеншім Жақанқызының естелігінде: «Еспан атамыздың бауыры Орманның баласы Мәди өз баласы Сауданды Жақан әкеміздің орнына екінші дүниежүзілік соғысқа жіберген. Еспаннан тараған жалғыз ұлды, яғни менің әкемді ұрпақсыз қалмасын деген ниетпен соғыстан аман алып қалған екен. Кейін әкем Жақанды шешем Балаймен бірге «Қарақұмға» елсізге мал бағуға жіберіпті-міс. Ағайынның бірлігінің арқасында Жақан мен Балайдан Оңласын, Оңдасқұл және мен дүниеге келдік. Талай заманның аласапыранынан өткен Сәрке батырдың босмойын шоқпары менің әкем Жақанның қолына сол кезде өтіп, «Қарақұм» жерінде ешкімге сырын білдірмей сақталып келген деп ойлаймын» делінген.

Оңласын атамның ең алғаш қуанышы, жиені ретінде мен нағашы атам мен әжемнің үйінде жиі болатынмын. Босмойын шоқпардың үй төрінде ілулі тұрғаны есімде. Балалықпен ұстауға талпынғанымызда, нағашы әжем Патшағүлдің: «тәйт, ұстама, бұл – Ұранды ата шоқпары» деп тоқтатып отыратын. Бала күнімізде сырқаттанып қалсақ, осы шоқпармен ұшықтап жататын. Ішкі сенімнің жігері ме әлде батыр баба қасиетінің құдіреті ме, әйтеуір дәрі-дәрмексіз ойнап кететінбіз. Бірде жоғары сыныпқа келген кезімде, әжемнің кіші қызына ота жасайтынын естіп, ота алдында «осы шоқпармен аластайын» деп жанталасқанын көргенім бар. «Батырдың шоқпары болса неге ем -шараға алып бара жатыр?» деген ой маза бермей, оны тануға деген қызығушылығымды оятты. Сәрке бабамыз батырлығымен қоса бойында емшілік қасиеті болғаны көп жағдайда айтыла бермейді. Алла берген тылсым қасиеті болған, емшілікті түбегейлі ұстанбаса да, қасындағы жауынгерлердің сынған аяқ-қолын салып отырған деседі.

Қорқыт ата атындағы университеттің бірінші курсында оқып жүрген кезімде Кереев Мәди Құрманұлы еркін тақырыпта реферат жазуымызды тапсырған болатын, ойыма бірден Сәрке батырды зерттеу түсе кетті. Жалағаш аудандық музейінің сол кездегі басшысы Ахмет Тілеулиевке келіп, тың деректермен қоса Жайық Есіркеповтің «Сәрке батыр» кітабын сыйға алып, батыр туралы ойтанымымды кеңейттім. Жайық Есіркеповтың кітапшасында келтірілген мәліметтерде құдды шоқпар сипаттала айтылғандай дерек бар: «Сәрке батыр Бәйтен батырымен бірге талай шайқаста болған. Бәйтен батырдың киелі жолбарысы мен бүркіті болған көрінеді. Бірде қарсы келе жатқан қалмақтардың ту ұстаушысының қасында бес қаруы сай келе жатқан дәуді көреді. Сәрке батыр оза шауып алдына жетіп барғанда, қалмақтың дәуі шалт қимылдап найзасын Сәрке батыр мінген шұбардың шылауына қарай ұсына бергенде, емен ағашының безінен жасалған сұр шоқпармен салып жібереді. Найзасы қолдан ұшқан дәу ақ боз атынан құлап бара жатады. «Әй, қазақ, жастығыңа шалттығың сәйкес келді-ау, эттең» деп, Аю батыр екі бөлінген оң қолын ұстап, аунай бергенде Сәрке батыр ақ сапты найзасымен түйреп өткен» деп суреттелген.

Сәрке батырдың босмойын шоқпары алғаш рет Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің 85 жылдығы аясында Астана қаласындағы Ұлттық музейдегі көрмеде қойылып, ғылыми айналымға шықты.

Ләззат ЖАЛҒАСБАЙҚЫЗЫ,
Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Өлке тарихы» ғылыми-зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкері

ФУТБОЛ

«ҚАЙСАР» «ЖЕҢІСПЕН» ТЕҢ ТҮСТІ

Қазақстан Премьер-лигасының алғашқы турында қызылордалық «Қайсар» елордалық «Жеңіс» командасымен кездесті. Қолайсыз ауа райына қарамастан қарсыластар тартысты ойын өткізді.

Биыл жергілікті клуб шетелдік ойыншылардан бас тартуға шешім қабылдады. Бұған дейінгі қазақстандық тәжірибелі футболшыларды толықтай сақтап қалған «Қайсар» олардың қатарына қызылордалық жастарды қосты. Әрине, ел футболының тарихында бұл – ерекше бастама. Сондықтан қазақстандық жанкүйерлердің қызығушылығы айрықша болып тұр.

Кездесу барысында екі команда да шабуылға көбірек көңіл бөлді. Алғашқыда елордалық футболшылар тізгінді өз қолына алуға тырысты. Қос қанаттан жиі шабуыл жасап, гол соғуға тырысты. «Қайсар» қорғаушылары тойтарыс берді. Одан кейін қызылордалық жігіттердің де белсенділігі байқала бастады.

Екінші кезең басталған сәттен ауа райы құбылды. Қалың қар жауып, ойынға едәуір кедергі келтірді. Соған қарамастан командалар кездесуді одан әрі жалғастырды. Әйтсе де олар 0:0 есебіне қанағат білдіріп тарасты.

«Қайсар» алдағы ойынын 8 наурызда Семейдің «Елімай» командасына қарсы өткізеді.

«СБ» ақпарат

Дүние дүрмек

Украинаға арналған саммит немен аяқталды?

Лондонда Еуроодақ елдерінің Украинаға арналған саммиті аяқталды. Делегаттар Украина армиясын қайта қаруландыруға және елге қару-жарақ тасымалын жалғастыруға келісті. Яғни Ұлыбритания Киевке қосымша 1,6 млрд доллар, әуе қорғанысына қажет 5000 зымыран бермек. Бұл туралы «Қазақстан» ұлттық арнасы хабарлады.

Бұған қоса, Ұлыбритания мен Франция Украинадағы соғысты тоқтату жоспарын дайындап, оны АҚШ президенті Дональд Трампқа ұсынбақ. Бейбіт келісім жасалса, Еуропаның әскери контингеті Украинаға жіберіледі. Ал бұған дейін Франция президенті Эммануэль Макрон Киевке жүздеген млрд еуро көмек бөлетінін жариялаған еді. Бұл мәселелер Еуроодақтың 6 наурызда өтетін кезектен тыс саммитінде талқыланбақ.

Америка өнімдеріне бойкот жариялауда

Сондай-ақ ұлттық арнаның хабарлауынша, Дания тұрғындары АҚШ-та шыққан өнімдерді сатып алуға бойкот жариялауда.

Халықтың сұранысы бойынша елдегі ірі супермаркет желілері Еуропада жасалған тауарларға таңбалау енгізуде. Дүкен сөрелеріндегі Еуропалық өнімдер бағасының жанына жұлдызша белгіленген. Осы таңба арқылы тұтынушы өз таңдауын жасай алады.

Еске салсақ, АҚШ Президенті Дональд Трамп Данияның автономды территориясы Гренландияны сатып алғысы келетінін мәлімдеп, Дания билігі мен халқының ызасын келтірген еді. Осы мәлімдемеден кейін Даниядан АҚШ-қа сапарлаушылардың саны 30 пайызға төмендеген.

Спутник тайфундардың рекордтық санын тіркеді

Zakon.kz спутниктің әлемде бір уақытта болған тайфундардың рекордтық санын тіркегені туралы жаңалық келтірді.

АҚШ-тың Ұлттық Мұхиттық және атмосфералық әкімшілігіне тиесілі NOAA-20 аппараты тайфундардың рекордтық санын көрсететін кескін алған.

26 ақпанда NOAA-20 спутнигінің VIIRS (Visible Infrared Imaging Radiometer Suite, «көрінетін инфрақызыл кескіндерге арналған радиометрлер жинағы») құрылғысымен түсірілген суретте бес тайфун бейнеленген.

«Альфред», «Серу» және «Бьянка» тропикалық циклондары Австралия жағалауында тіркелді, ал олардың Үнді мұхитындағы «көршілері» – «Хонд» және «Гаранс» Маврикий мен Мадагаскар арал мемлекеттеріне жақындап қалды.

Тропикалық циклон маусымы әдетте оңтүстік жарты шарда қарашадан сәуірге дейін созылатын көрінеді.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 23664 | Тапсырыс №358 | Кезекші редактор **Айсәуле ҚАРАПАЕВА**